

**Сот шешімімен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған және қамқорлыққа мұқтаж, интернат-үйлерінде тұратын адамдарға зейнетақы, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және мемлекеттік арнайы жәрдемақы төлеу тәртібін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2000 жылғы 18 қыркүйектегі N 212-Ө бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 5 қазан N 1251 тіркелді. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2006 жылғы 2 қарашадағы N 249-ө бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2006 жылғы 2 қарашадағы N 249-ө бұйрығымен.*

-----Бұйрықтан үзінді-----

*"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1 тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің "Сот шешімімен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған және қамқорлыққа мұқтаж, интернат-үйлерінде тұратын адамдарға зейнетақы, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және мемлекеттік арнайы жәрдемақы төлеу тәртібін бекіту туралы" 2000 жылғы 18 қыркүйектегі N 212-ө (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2000 жылғы 5 қазанда N 1251 тіркелген) бұйрығының күші жойылған деп танылсын.*

*2 . . . . .  
3 . . . . .*

*4. Осы бұйрық 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.*

*М и н и с т р*

-----  
*"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілері не зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z990482\_ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 қарашадағы Заңына сәйкес*

*БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Қоса беріліп отырған Сот шешімімен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған және қамқорлыққа мұқтаж, интернат-үйлерінде тұратын адамдарға*

зейнетақы, мемлекеттік арнайы жәрдемақы және мемлекеттік арнайы жәрдемақы төлеу тәртібі бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігінің  
2000 ж. 18 қыркүйекте  
N 212-Ө бұйрығымен  
"Бекітілді"

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым  
министрлігімен  
19 қыркүйек 2000 ж.  
"Келісілді"

Интернат-үйлерінде тұратын, сот шешімімен  
іс-әрекетке қабілетсіз және қамқорлыққа мұқтаж  
ден танылған адамдарға зейнетақы, мемлекеттік әлеуметтік  
жәрдемақы және мемлекеттік арнаулы жәрдемақы төлеудің  
Ережесі

Осы Ереже интернат-үйлерінде тұратын, сот шешімімен іс-әрекетке қабілетсіз және қамқорлық мұқтаж деп танылған адамдарға зейнетақы, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы (әрі қарай-жәрдемақылар) және мемлекеттік арнаулы жәрдемақы (әрі қарай-жәрдемақылар) төлеудің тәртібін белгілейді.

1. Қамқорлыққа мұқтаж адамдарды интернат-үйлеріне орналастырған кезде қамқорлық органы егер бұл жағдай қамқорлықтағының мүддесіне қайшы келмейтін болса бұдан бұрын тағайындалған қамқоршысын өздерінің міндеттерін атқарудан босатып, интернат-үйінің әкімшілігін қамқоршы етіп тағайындайды.

2. Интернат-үйінің әкімшілігіне қамқоршылық белгіленген тәртіппен ресімделмеген жағдайда зейнетақы мен жәрдемақы төлемдері қамқоршыларға қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

3. Сот шешімі бойынша іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдарға зейнетақы мен жәрдемақы төлемдері міндеттері мен құқықтары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленетін олардың

қамқоршыларына төленеді.

4. Қамқоршы (интернат-үйінің әкімшілігі) ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесіне іс-әрекетке қабілетсіз деп тану туралы сот шешімінің және балаға немесе іс-әрекетке қабілетсіз адамға интернат-үйінің әкімшілігін қамқоршы етіп белгіленгендігі туралы қамқоршылық органының шешімінің көшірмесін ұсынады. Көрсетілген құжаттар қамқоршылықтағылардың зейнетақы істеріне т і г і л е д і .

5. ЗТМО Аудандық (қалалық) бөлімшесі аумақтық орналасуына қарай Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Өкілеттігінің зейнетақы және жәрдемақы тағайындау туралы шешімінің негізінде интернат-үйлерінде тұратын және интернат-үйінің әкімшілігі қамқоршы болып тағайындалған қамқорлықтағылардың бірыңғай тізімін (әрі қарай-тізім) екі дана етіп жасайды. (N 1-қосымша) Тізімнің бір данасы ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесінде қалады, екіншісі интернат-үйіне жіберіледі.

6. ЗТМО облыстық филиалы бірыңғай тізімге сәйкес қаржыландыру өтінімін (N 2-қосымша) интернат-үйінің депозиттік есеп шоты ашылған екінші деңгейдегі банкке жалпы соманы аударатын ЗТМО орталық аппаратына жолдайды.

7. Тағайындалған зейнетақы мен жәрдемақы сомаларын қамқоршылар тұратын интернат-үйінің депозиттік есепшотына аудару екінші деңгейдегі банктер арқылы жүргізіледі.

8. Интернат-үйінің әкімшілігі мемәлеуметтік жәрдемақы, зейнетақы немесе мемарнаулы жәрдемақы алушының қабылдануы немесе кетуі (оның ішінде уақытша кетуі), қайтыс болуы туралы міндетті түрде ЗТМО аумақтық бөлімшесін бір жұмыс күні ішінде хабарландырады.

9. Зейнетақы немесе жәрдемақы алушының кетуі немесе қайтыс болуы туралы уақытында хабарланбаған және артық төлем болған жағдайда интернат-үйінің әкімшілігі артық төленген соманы төлем тағайындау кодтарына сәйкес ЗТМО есеп айырысу шотына 3 жұмыс күні ішінде қайтаруға және кеткен (қайтыс болған) қамқорлықтағы адамдардың тегін, атын, әкесінің атын және қайтару сомасын көрсете отырып тиісті ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесіне х а б а р л а м а ұ с ы н у ғ а м і н д е т т і .

10. Интернат-үйінің есеп айырысу шотына қаржы түскеннен кейін интернат-үйінің әкімшілігі 5 жұмыс күні ішінде ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесімен бірлесіп төленген және қайтарылған сомаларды салыстыру кесімін ж ү р г і з е д і .

11. Қамқорлықтағы адам қайтыс болған жағдайда жерлеу жәрдемақысы белгіленген тәртіп бойынша төленеді.

12. Қамқоршы (интернат-үйінің әкімшілігі) алынған зейнетақы және жәрдемақы сомаларын жұмсау үшін жылына бір рет облыстық (Астана және

Алматы қалаларының) еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменттері бекітетін шығыстар сметасы жасалады.

13. Қамқоршы (интернат-үйінің әкімшілігі) алған зейнетақы және жәрдемақы сомалары алынған соманы еңбекке ақы төлеу қорына және сонымен байланысты әлеуметтік есептеулер үшін пайдалану құқығынсыз, қатаң түрде тек қана қарауындағылардың жеке қажетіне қосымша тамақтандыру, дәрі-дәрмектер, киім, аяқкиім, төсек жабдықтары және ішкіім мен қажетті заттарды алуға және медициналық көмек көрсетуге пайдаланылады.

14. Интернат-үйінің әкімшілігі алынған зейнетақы ЖӘНе жәрдемақы сомаларының жүргізілген шығыстары туралы еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменттеріне нормативтік құжаттарда белгіленген мерзімде және жобалық нысандар бойынша есеп береді.

15. Ақша қаражаттарының пайдаланылғандығы жөніндегі барлық кіріс-шығыстық құжаттар (түбіртектер, жөнелтпе құжаттар, есептер, сенімхаттар және т. б.) интернат-үйінің бухгалтериясында бес жыл бойына сақталады.

16. Алынған зейнетақы және жәрдемақы сомаларының мақсатсыз пайдаланылуы үшін директор мен бас есепші Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауап береді.

17. Алынған зейнетақы және жәрдемақы сомаларының мақсатты пайдаланылуын қадағалау заңнамада көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

## № 1 қосымша

коды

---

(Зейнетақы орталығы филиалының атауы)

сот шешімімен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған және қамқорлыққа мұқтаж, интернат-үйлерінде тұратын адамдардың \_\_\_\_\_ ж. ішінде зейнетақы, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және мемлекеттік арнайы жәрдемақы алуына арналған тізім-тізімдеме

Интернат-үйінің (пансионаттың) банктік деректемелері:  
СТН

арнайы шоты  
МФО

төлем тапсырмасының N\_\_ 2000 ж. \_\_\_\_ күні

Сомасы

(жазбаша) \_\_\_\_\_

---

N	Зейнетақы	Тегі, аты, әкесінің	Сома
p/c	ісінің нөмірі	аты.	(теңгемен)

---

1	2	3	4
---	---	---	---

---

---

---

---

Жиынтығы:

Директор \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

N 2-қосымша

Коды

\_\_\_\_\_  
(Зейнетақы орталығы филиалының атауы)

Сот шешімімен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған және  
камқорлыққа мұқтаж, интернат-үйлерінде тұратын  
адамдарға \_\_\_\_\_ ж. үшін зейнетақы, мемлекеттік  
әлеуметтік жәрдемақы және мемлекеттік арнайы  
жәрдемақы төлеуге арналған қажеттіліктің

2000 жылғы \_\_\_\_\_ жиынтық кестесі

---

Аудандардың (қалалардың) және интернат- үйлерінің атауы	Адамдардың саны	Интернат- үйлерінің деректемелері	Сомасы (теңгемен)
------------------------------------------------------------------	--------------------	-----------------------------------------	----------------------

---

---

---

---

Жиынтығы:

---

Зейнетақы орталығы филиалының  
директоры \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

Жауапты орындаушы \_\_\_\_\_